

Көкпекті ауданы Үлкенбөкен ауылының көшелерін атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Үлкенбөкен ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 4 маусымдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 маусымда № 7160 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылдың 4 қаршадағы қорытындысының негізінде , Үлкенбөкен округ тұрғындарының пікірін ескере отырып, Үлкенбөкен ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Көкпекті ауданының Үлкенбөкен ауылының келесі көшелерінің атаулары:

- 1) Ленина көшесі Тәуелсіздік көшесі;
- 2) Кирова көшесі Достық көшесі;
- 3) Крупская көшесі Бастау көшесі;
- 4) Калинина көшесі Желтоқсан көшесі болып өзгертілсін.

2. Көкпекті ауданының "Үлкенбөкен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етеді:

1) осы шешімді Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Көкпекті ауданының аумағында таратылатын мерзімдік басылымдарға ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етілсін.

3. Осы шешімінің орындалуына бақылау жасау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК